

Ақмола қаласындағы дипломатиялық миссияларға жер учаскелерін бөлу мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 6 маусымдағы N 713

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының астанасы туралы" 1995 жылғы 15 қыркүйектегі N 2457 U952457_ және "Жер туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2717 U952717_ Заң күші бар Жарлықтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне халықаралық шарттар жасасу жөнінде материалдар дайындау кезінде жер учаскелерін Ақмола қаласында дипломатиялық миссиялардың жұмыс істеуіне, шет елдердегі Қазақстан Республикасы өкілдіктерінің нақты мүдделерін ескере отырып, қажетті үй-жайлар кешенін салуды жүзеге асыруға тілек білдіруші басқа мемлекеттерге жалға бөлу шарттарын айқындау құқығы берілсін.

Халықаралық шарттар жасасу кезінде бөлінген жер учаскелерін игеру мерзімі көрсетілген (екі жылдан аспайтын), сондай-ақ құрылыстарды бұзуға байланысты шығындар дипломатиялық миссиялардың есебіне жазылсын.

2. Ақмола облысының және Ақмола қаласының әкімдері дипломатиялық миссиялардың тапсырыстары бойынша халықаралық шарттарда айқындалған шарттарға сәйкес жер учаскелерін белгіленген тәртіппен берсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары